

«Жылъойгаз» ЖШС-нің 2017 жыл қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ақпарат

1. Инвестициялық бағдарлама және оның орындалуы

Казақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Атырау облысы бойынша Департаментінің 19 маусым 2015 жылғы №103-НҚ бұйрығымен 2016-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама бекітілді.

2017 жылға жоспарланған шаралары толығымен орындалды:

1. «Саратов-20М» маркалы АГТБ сатып алынды, құны – 74 088,642 мың тг;
2. №2 АГТБ жаңасына ауыстырылды, қыркүйек айынан бастап пайдалануға берілді, құны – 11 428,57 мың тг;

2017 жылды бекітілген шаралардан басқа өндірістік активтерді құру және жаңарту бағытында косымша шаралар жүзеге асырылды, құны – 28 313,07 мың тг.

2. «Жылъойгаз» ЖШС-нің табиғи газды тасымалдау қызметі бойынша 2017 жылғы қаржылық экономикалық көрсеткіштері

Жалпы кіріс- 248 019,88 мың тг;

Қызмет көрсетуге кеткен шығындар - 208 564,98 мың тг;

Салық салуға дейінгі пайда - 39 454,90 мың тг;

Корпоративтік табыс салығы - 7 980,98 мың тг;

Соңғы пайда - 31 473,92 мың тг.

3. Табиғи газды тасымалдау көлемі

«Жылъойгаз» ЖШС бойынша 2017 жылғы табиғи газды тасымалдаудың нақты көлемі – 120 886,83 мың текше метр. Соның ішінде:

1. Жеке тұтынушылар үшін – 66 239,72 мың текше метр;
2. Занды тұлғалар үшін – 54 647,10 мың текше метр.

4. Тұтынушылармен жүргізілген жұмыстар туралы

Жылъой ауданы табиғи газды тасымалдау қызметін тұтынушылардың жалпы саны – 17 901. Соның ішінде: жеке тұргындар – 17 588; бюджеттік мекемелер – 82; өзге үйымдар – 638.

Тұтынушылармен жүргізілген жұмыстар:

1. Тұтынушылардың уақытын қолайлы және үнемді пайдалану үшін жаңадан «бір терезе» принципімен жұмыс жасайтын «Қызмет көрсету бөлімі» ашылды.
2. Қауіпсіздік талаптарын сақтау, жылу беру маусымының басталуы және аяқталуы, төлемдерді қабылдау әдістері мен орындары, тұтынушыларға өткізілетін қоғамдық тындаулар, газ бағасы жөніндегі және т.с. әр түрлі мәтіндегі ақпараттар аудан көлеміндегі бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру, мақала ретінде жарияланды.
3. Тұтынушылардан келіп түскен арыз, өтініш, хаттардың барлығы да заң шенберінде тиісті мерзімде қаралады және шешімі алынады.
4. Жылу беру маусымы алдында газ қондырғыларын пайдалану ережесін аудан тұргындарына түсіндіру мақсатында 2017 жылғы қыркүйек айының 01-і мен қазан айының 07-і аралығында қауіпсіздік іс-шаралары ұйымдастырылды.

5. Тарифтік сметаның орындалуы

«Жылжойгаз» ЖШС-нің 2017 жылғы тарифтік сметасының орындалуы

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2017 жылға жоспарланған тарифтік смета	2017 жылғы нақты көрсеткіштер
I	Тауарларды өндіру және қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар	мың теңге	152 872,70	160 397,08
II	Кезең шығындары	-"-	42 304,18	48 167,91
IV	Көрсетілген қызметтің жалпы шығыны	-"-	195 176,88	208 564,98
V	Таза пайда	-"-	51 023,52	39 454,90
VII	Жалпы кіріс	-"-	246 200,40	248 019,88
VIII	Көрсетілген қызмет көлемі	мың текше метр	120 000,00	120 886,83
IX	Нормативтік техникалық ысырап	%	1,90	1,90
IX		мың текше метр	2 275,60	2 296,85
X	Тариф ККС-сyz	теңге/мың текше метр	2 051,67	2 051,67

6. Даму жоспары

«Жылжойгаз» ЖШС технологиялық жағынан артта қалған газ қондырғыларын жанарту үшін, аудан тұрғындарын көгілдір отынмен толассыз қамтамасыз ету мақсатында, 2016-2020 жылдарға бекітілген инвестициялық бағдарламаның шараларына сай 2018-2019 жылдар ішінде №1 АГТБ-ны жаңа үлгісіне ауыстыру жоспарланды.

Бұдан басқа, қолданыстағы жер үсті газ құбырларды жаңғырту және игерілмеген жаңа аймақтарын газдандыру жұмыстары және негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, күрделі жөндеу және ағымдағы жөндеу жоспарланды.

Директор



Ермекова Ж.К.